



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына – «Ақ жол»
Қазақстан Демократиялық партиясы
фракциясының мүшелеріне**

2023 жылғы 27 сәуірдегі № ДС-104 сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолдану мерзімі шектелмейтін бөлшек салықтың арнаулы салық режимі енгізілді.

Бұл режимнің басты артықшылығы бөлшек салықтың режимін қолданатын салық төлеушілер қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайды.

Режимдегі салықтың мөлшерлемесі 6%-дан 4%-ға дейін төмендетілді және бұған қоса жергілікті өкілді органдарға мөлшерлемені 2%-ға дейін төмендету құқығы берілді.

Бұл тәсіл жергілікті бюджеттің мүмкіндігі мен шағын және орта бизнесті дамыту қажеттілігін ескере отырып, сондай-ақ әрбір өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, салық мөлшерлемесін төмендету туралы шешімдер жергілікті өкілді органдармен қабылдауға тиіс екендігіне негізделген.

Сондай-ақ бұл өңірлердің дербестігін күшейту мақсатында мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру қағидатына сәйкес келеді.

Сонымен қатар жұмыспен қамтылғандарды формализацияландыруды ынталандыру үшін бөлшек салықтың режимін қолданатын салық төлеушілерге жұмыскерлердің еңбекақысын төлеуге арналған шығыстар бойынша шегерімді қолдану құқығы берілді, сондай-ақ еңбекақы төлеу қорынан төленетін 5 төлемнің (жеке табысы салығы, әлеуметтік салық, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру төлемдері) орнына бірыңғай төлем төлеу мүмкіндігі берілді.

Бөлшек салықтың режимін қолдану ерікті екенін атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ағымдағы жылғы 22 мамырдағы № 393 қаулысымен бөлшек салықтың режимін қолдану мақсатында 190 қызмет түрі айқындалды.

Жаңа өлшемшарттары бар бөлшек салықтың режимін салық төлеушілер ағымдағы жылдың басынан бастап қолданатынын ескере отырып, оның тиімділігін бағалау ерте деп санаймыз.

Бұл ретте мөлшерлемесі 3% мөлшерінде көзделген оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі өзгеріссіз қалды. Яғни, егер кәсіпкердің әрбір жартыжылдықтағы кірісі 24 038 айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі – АЕК) (2023 жылы 82,9 млн теңге) мөлшерінен аспаса, онда салық төлеушілердің осы режимді қолдануға құқығы бар.

Бұдан басқа Салық кодексінде патент негізіндегі арнаулы салық режимі көзделген, оны өзіндік кәсіпкерлік нысанында қызмет көрсететін дара кәсіпкерлер қолдануға құқылы. Мұндай жеке көрсетілетін қызметтер үшін төмендетілген салық мөлшерлемесі белгіленген. Сол себепті кірістер мөлшері (3 528 АЕК – 2023 жылы 12,2 млн теңге) мен жалдамалы жұмыскерлерді тартуға шектеулер белгіленіп отыр.

Осылайша Салық кодексінде шағын бизнес субъектілеріне салық салудың әртүрлі нұсқалары көзделген.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Үкіметпен Салық кодексінің жаңа мәтіні әзірленуде.

***Анықтама:** салық заңнамасын жетілдіру бойынша жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобының құрамына Парламент палаталарының депутаттары, мемлекеттік органдардың, «Атамекен» ҰКП және бизнес-қауымдастықтардың өкілдері енгізілген.*

Аталған жұмыс тобының шеңберінде арнаулы салық режимдерін оның ішінде патент негізіндегі салық салу жүйесін реформалау пысықталуда.

Осыған байланысты, депутаттық сауалда көтерілген мәселелер аталған жұмыс тобында жан-жақты қарастырылып, пысықталатын болады.

Е. Жамаубаев

Депутаттардың тізімі:

- 1. Е. Бейсенбаев**
- 2. А. Перуашев**
- 3. Д. Еспаева**
- 4. Е. Барлыбаев**
- 5. Қ. Иса**
- 6. А. Садықов**